

**Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы Октябрьск кенті Бұқтырма, Селезневка бекеттеріндегі және Сажаевка ауылындағы көшелерге атау беру туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы Октябрьск кенті әкімінің 2012 жылғы 07 маусымдағы N 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Зырян аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 20 маусымда N 5-12-147 тіркелді

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес Бұқтырма, Селезневка бекеттерінің және Сажаевка ауылының тұрғындарының пікірін ескере отырып, Октябрьск кентінің әкімі

**Ш Е Ш Т І :**

1. Өскемен - Рахмановские ключи республикалық жол бойындағы Бұқтырма бекетінің сол жағында орналасқан атауы жоқ көшеге – Железнодорожная;

Өскемен - Рахмановские ключи республикалық жолындағы Бұқтырма бекетінің оң жағында орналасқан атауы жоқ көшеге – Береговая;

Бұрынғы балық зауытының бойындағы Бұқтырма бекетінде орналасқан аты жоқ көшеге – Рыбозаводская;

Өскемен - Рахмановские ключи республикалық жолына қатар орналасқан Селезневка бекетіндегі атауы жоқ көшеге – Железнодорожная;

Өскемен - Рахмановские ключи республикалық жолы бойындағы Сажаевка ауылының сол жағында орналасқан атауы жоқ көшеге – Подгорная;

Өскемен - Рахмановские ключи республикалық жолының оң жағында орналасқан Сажаевка ауылындағы атауы жоқ көшеге – Береговая атаулары берілсін.

2. Осы шешім алғашқы рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Октябрьск кентінің әкімі*

*С. Феклистов*